

**«БЕКІТІЛДІ»**

**Директорлар кеңесінің хаттамасымен  
«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ  
2025 ж. «25» қараша № 28/25 хаттама**

**ҚАҒИДАЛАР  
АДАМДАР ЖАППАЙ БОЛАТЫН ОБЪЕКТИЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨМІРІНЕ,  
ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ МҮЛКІНЕ ЗИЯН КЕЛТІРГЕНІ ҮШІН  
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ  
ҚАҒИДАЛАРЫ  
«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ**

**Алматы қ., 2025 ж.**

**МАЗМҰНЫ:**

- 1 Жалпы ережелер
- 2 Сақтандыру нысаны
- 3 Сақтандыру жағдайы
- 4 Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу
- 5 Сақтандыру сомасы
- 6 Сақтандыру сыйлықақысы, төлеу тәртібі мен мерзімдері
- 7 Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 8 Пайда алушының құқықтары мен міндеттері
- 9 Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары
- 10 Сақтандыру оқиғасы (жағдайы) басталған кездегі іс-әрекеттер
- 11 Сақтандыру жағдайының орын алғанын және залалдар мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі
- 12 Залал мөлшерін анықтау
- 13 Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары
- 14 Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері
- 15 Сақтандыру шартын жасасу тәртібі
- 16 Шарт талаптарын өзгерту
- 17 Сақтандыру шартының аумағы және қолданылу мерзімі, сақтандыру қорғанысының қолданылуы
- 18 Сақтандыру шартының талаптарын өзгерту
- 19 Кері талап қою құқығы (суброгация)
- 20 Еңсерілмейтін күш мән-жайлары
- 21 Дауларды қарау тәртібі
- 22 Қосымша шарттар

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін осы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жүктелген сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасу, сүйемелдеу және орындау тәртібін, сақтандыру шарттарын регламенттейді.
- 1.2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:
- 1) адамдар жаппай болатын объектінің иесі - өрт қауіпсіздігі саласында сақтандырылуға жататын, ауданы 2 000 шаршы метрден асатын адамдар жаппай болатын объектілер тізбесіне енгізілген объектінің иесі;
  - 2) Пайда алушы - сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Осы Қағидаларға сәйкес адамдар жаппай болатын объектідегі өрт салдарынан өміріне, денсаулығына зиян және (немесе) мүлкіне залал келтірілген тұлға Пайда алушы болып табылады;
  - 3) Сақтандырылған тұлға – сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Осы Қағидаларға сәйкес адамдар жаппай болатын объектінің иесі сақтандырылған тұлға болып табылады;
  - 4) өрт қауіпсіздігі саласында сақтандырылуға жататын, ауданы екі мың шаршы метрден асатын адамдар жаппай болатын объект (бұдан әрі – Адамдар жаппай болатын объект) - өрт қауіпсіздігі саласында сақтандырылуға жататын, ауданы екі мың шаршы метрден асатын адамдар жаппай болатын объектілер тізбесіне енгізілген объектілер;
  - 5) Сақтандырушы - «Basel» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы, сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде шартта айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру шарты жасалған тұлғаның (Пайда алушының) пайдасына сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
  - 6) Сақтанушы - Сақтандырушымен шарт жасасқан, адамдар жаппай болатын объектінің иесі;
  - 7) сақтандыру мүддесі — Сақтанушының тәуекелдерді болдырмауға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуге деген мүліктік мүддесі;
  - 8) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы, ол сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
  - 9) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.
  - 10) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
  - 11) үшінші тұлға - адамдар жаппай болатын объектідегі өрт салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген тұлға (жәбірленуші).
  - 12) сақтандыру аумағы - сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру қорғанысының қолданылуы таралатын аумақ.
  - 13) Сақтандырушылар және Сақтандырушымен шарт жасасқан, адамдар жаппай болатын объектілердің иелері үшінші тұлғалар болып табылмайды.

## **2. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ**

- 2.1. Адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру объектісі сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері болып табылады.
- 2.2. Адамдар жаппай болатын объектілердің саны мен орналасқан жерінің мекенжайлары сақтандыруға өтініште және сақтандыру шартында көрсетіледі.

## **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

- 3.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп адамдар жаппай болатын объектідегі өрт салдарынан денсаулыққа келтірілген зиянды және (немесе) мүлікке келтірілген залалды растайтын құжаттарға сәйкес соттың заңды күшіне енген шешімімен немесе Сақтандырушы таныған Пайда алушының зиянды (залалды) өтеу туралы талабымен расталған, адамдар жаппай болатын объектідегі өрт салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі табылады.
- 3.2. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға (Пайда алушыға) жүктеледі.
- 3.3. Зиянды өтеу туралы талаппен өтініш келіп түскен жағдайда, Сақтанушы олар үшінші тұлғадан немесе оның заңды өкілінен келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға қолма-қол, хабарламасы бар тапсырыс пошта жөнелтілімі арқылы немесе егер мұндай мекенжайды Сақтандырушы бұрын ұсынған болса, Сақтандырушының электрондық пошта мекенжайына электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжат арқылы немесе басқа да қолжетімді тәсілмен хабарлама жібереді.

## **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

- 4.1. Осы Қағидаларға сәйкес, егер олар сақтандыру жағдайының нәтижесінде орын алса да, алынбаған пайда, мемлекеттік органдар салатын айыппұлдар, айыппұл санкциялары, өсімпұлдар өтелмейді.
- 4.2. Сақтандырушы төмендегідей залал үшін жауапты болмайды:
- 4.3. сақтандыру сомасының (Сақтандырушы жауапкершілігінің шегінің) мөлшерінен асатын;
- 4.4. сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген.
- 4.5. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан басқа да алып тастаулар және (немесе) сақтандыруды шектеулер көзделуі мүмкін.

## **5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ**

- 5.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімімен айқындалады және адамдар жаппай болатын объектіге қатысты сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 75 000 (жетпіс бес мың еселенген) айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) кем емес соманы құрауы тиіс.
- 5.2. Сақтандыру сомасының мөлшері (Сақтандырушының жауапкершілік лимиті) жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады.

## **6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысының сомасы, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартымен айқындалады.
- 6.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушы бекіткен сақтандыру тарифтері негізінде есептеледі.
- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Қазақстан Республикасының валютасында сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлейді.

## 7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 7.1. Сақтанушының құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап ету;
- 2) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттары, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттері туралы түсініктемелер алу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарға сәйкес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсменіне жүгіну;
- 5) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу.

### 7.2. Сақтанушы мыналарға міндетті:

- 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болатын ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызы бар белгілі мән-жайларды хабарлауға, сондай-ақ Сақтандырушыға ұсынылған мәліметтерді растайтын қажетті құжаттарды (Сақтандырушының талабы бойынша) ұсынуға;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал залал мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін рұқсаттама және объектішілік режим талаптарын сақтай отырып, Сақтандырушының адамдар жаппай болатын объектінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
- 3) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 4) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабарлауға;
- 5) егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге;
- 6) Пайда алушыдан немесе оның заңды өкілінен келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға талаптарды көрсете отырып және осы Қағидалардың 11-тарауында көзделген медициналық қорытындыны, тәуелсіз бағалау нәтижесін қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде Сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге;
- 7) сақтандыру жағдайының себептерін, барысын және салдарын, келтірілген зиянның (залалдың) сипаты мен мөлшерін растайтын қолда бар ақпарат пен құжаттарды ұсынуға.

### 7.3. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал залал мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер алу;
- 2) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы ұсынатын мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын тексеру;
- 3) сақтандырудың қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы ұсынған мәліметтерге сәйкестігін тексеру;
- 4) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан кезде сақтандыру шарттарын өзгертуді және (немесе) тәуекелдің артуына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету;
- 5) Сақтанушыдан сақтандыру шартының талаптарын орындауды талап ету;
- 6) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтау;
- 7) Сақтанушыдан және Пайда алушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген зиянның (залалдың) дәрежесін анықтау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап ету;

- 8) сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде алу;
  - 9) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны және оның құжаттамалық растауын алу;
  - 10) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Пайда алушыға келтірілген зиянның (залалдың) мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;
  - 11) сақтандыру шарты бұзылған кезде және сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда - сақтандыру шарты қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне және алынған сақтандыру сыйлықақысының 10% мөлшерінде сақтандыру шартын жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарға;
  - 12) осы Қағидаларда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға немесе оның мөлшерін азайтуға;
- 7.4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлемеген жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру шарттарын бұзған жағдайда сақтандыру шартын бұзу.
- 7.5. Сақтандырушы мыналарға міндетті:
- 1) Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен, оның сақтандыру шарты бойынша құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
  - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішін уақтылы қабылдауға;
  - 3) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны алған кезде, оны дереу тіркеуге;
  - 4) Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы бойынша ұсынылған құжаттардың тізбесі мен олардың қабылданған күні көрсетілген анықтама беруге;
  - 5) Сақтанушы (Пайда алушы, оның өкілі) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайларда, сақтандыру төлеміне өтініш алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, оларға жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарлауға;
  - 6) сақтандыру шартында көрсетілген мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
  - 7) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы (оқиғасы) кезінде залалды азайту үшін жасаған шығыстарын өтеуге;
  - 8) Сақтанушы сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда - оның телнұсқасын ресімдеуге;
  - 9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.
- 7.6. Сақтанушы, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда және сақтандыру шартында белгіленген өзге де құқықтар мен міндеттерге ие.

## **8. ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **8.1. Пайда алушы мыналарға құқылы:**

- 1) Сақтандырушыға адамдар жаппай болатын объектідегі өрт салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына зиян келтірумен және (немесе) мүлкіне залал келтірумен болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау;
- 2) келтірілген зиянның (залалдың) мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалану;
- 3) Сақтанушының орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды Сақтандырушыға беруге;
- 4) Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру төлемдерін төлеу туралы талап жіберу;
- 5) Сақтандырушы (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген зиян мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысу;
- 6) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алу;
- 7) сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсменіне немесе сотқа жүгіну;

- 8) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды жіберу;
  - 9) Сақтанушыға келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асып кету мөлшерінде келтірілген зиянды (залалды) өтеу туралы талап қою.
- 8.2. Пайда алушы мыналарға міндетті:
- 1) Сақтанушыға талаптарды көрсете отырып және Қағидалардың 11-тарауында көзделген медициналық қорытындыны, тәуелсіз бағалау нәтижесін қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге;
  - 2) Сақтанушы Қағидалардың 7-тарауының 20-тармағының 6) тармақшасында көзделген міндеттемені орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Сақтандырушыға талаптарды көрсете отырып және Қағидалардың 11-тарауында көзделген медициналық қорытындыны, тәуелсіз бағалау нәтижесін қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге.

## **9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ АРТУ САЛДАРЫ**

- 9.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға туындаған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірмей дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
- 9.2. Қандай жағдай болса да сақтандыру шартында келісілген өзгерістер елеулі деп танылады:
  - 3) адамдар жаппай болатын объектінің сипаттамаларының өзгеруі;
  - 4) адамдар жаппай болатын объектіге меншік құқығының (иелену, пайдалану немесе билік ету) ауысуы;
  - 5) адамдар жаппай болатын объектіні қайта құру (қайта жабдықтау);
  - 6) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының Сақтанушыға анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беруі;
  - 7) Сақтанушы сақтандыру шартын жасасуға арналған өтініште көрсеткен өзге де мәліметтердің өзгеруі.
- 9.3. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің артуына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
- 9.4. Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы.
- 9.5. Сақтанушы осы тараудың 9.2-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған кезде Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және оны бұзумен келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.
- 9.6. Егер сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушының сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

## **10. САҚТАНДЫРУ ОҚИҒАСЫ (ЖАҒДАЙЫ) БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР**

- 10.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиға басталған кезде Сақтанушы мыналарға міндетті:
  - 1) оқиға басталған күннен бастап (оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап) үш жұмыс күні ішінде, бірақ одан кешіктірмей, залалдың туындау сипатын, мән-жайларын

- (себептерін), сондай-ақ оның болжамды мөлшерін көрсете отырып, Сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге;
- 2) ықтимал шығындардың алдын алу немесе оларды азайту үшін орын алған жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қолдануға;
  - 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына немесе Сақтандырушының ұсынымдарына сәйкес зиян (залал) келтіруді құжаттамалық ресімдеуді қамтамасыз етуге;
  - 4) Сақтандырушыға (оның өкіліне) сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеруге және келтірілген залал мөлшерін анықтауға мүмкіндік беруге;
  - 5) сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеруге байланысты барлық ақпаратты хабарлауға, сақтандыру оқиғасының басталу мән-жайлары мен себептерін тергеп-тексеруде Сақтандырушыға жан-жақты жәрдемдесуге, Сақтандырушының пікірінше, болған оқиғаның мәртебесі туралы шешім қабылдау үшін қажетті түсініктемелер беруден және (немесе) құжаттарды ұсынудан кедергі келтірмеуге және жалтармауға;
  - 6) Сақтандырушының нұсқауларын (олар болған кезде) орындауға. Алайда, бұл нұсқаулар Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі өз міндетін мойындауы ретінде қарастырылмайды;
  - 7) Сақтандырушының залалға жауапты тұлғаға талап қою құқығын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға.
- 10.2. Сақтандырушыны сақтандыру оқиғасының (жағдайының) басталғаны туралы хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқық береді.
- 10.3. Зиянды өтеу туралы талаппен өтініш келіп түскен жағдайда Сақтанушы олар жәбірленушіден (Пайда алушыдан) немесе оның заңды өкілінен келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыны интернет-платформада немесе өзге де қолжетімді құралдармен хабардар етеді.

## **11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

- 11.1. Сақтандыру төлемін алу үшін мынадай құжаттар (қолма-қол қағаз нұсқасында және (немесе) электрондық нұсқада) ұсынылуы тиіс:
- 1) сақтандыру төлеміне өтініш;
  - 2) өмірге, денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы өтініш;
  - 3) талап-арыз материалы және (немесе) заңды күшіне енген сот шешімі;
  - 4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын, оның нәтижесінде келтірілген зиянның (залалдың) себептері мен мөлшерін айқындайтын құжаттар:
    - a. өрт фактісі бойынша құзыретті органдардың құжаттары (өрт туралы акт, ТЖМ қорытындысы);
    - b. үшінші тұлғалардың (Пайда алушының) өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда.
  - 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) сәйкес медициналық есепке алу құжаттамасының нысаны бойынша медициналық құжаттама (көшірмесі немесе түпнұсқасы);
  - 6) қайтыс болуы туралы куәлік немесе анықтама (олар болған кезде) (көшірмесі немесе түпнұсқасы);
  - 7) мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу бойынша медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы (олар болған жағдайда) (көшірмесі немесе түпнұсқасы);
  - 8) амбулаториялық және (немесе) стационарлық емдеуге жұмсалған нақты шығыстардың төленгенін растайтын қаржылық құжат (олар болған жағдайда) (көшірмесі немесе түпнұсқасы);

- 9) үшінші тұлғалардың (Пайда алушының) мүлкіне залал келтірілген жағдайда - тәуелсіз бағалау нәтижесі;
- 10) тұлғаның сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары не нотариалды куәландырылған көшірмелері.
- 11.2. Сақтанушының залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеу үшін оларды растайтын құжаттар (чектер, түбіртектер, шоттар, жүкқұжаттар, орындалған жұмыстардың актілері және т.б.) қоса берілуі тиіс.
- 11.3. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы өтініш берушіге беруге міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісімен Сақтандырушыда қалады.
- 11.4. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы өтінішті алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіні жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.
- 11.5. Жоғарыда аталған құжаттардан басқа, Сақтандырушы, егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру оқиғасының басталу фактісін, себептерін, сақтандыру төлемін алу құқығын және мән-жайларын, жәбірленушілерге келтірілген зиянның салдарын және мөлшерін анықтауды мүмкін етпесе (немесе өте қиындатса), Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өзге де құжаттарды талап етуге құқылы.

## **12. ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**

- 12.1. Әрбір үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына, мүлкіне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері (бір сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі) АЕК-пен белгіленеді және кемінде мынаны құрайды:
  - 1) әрбір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген және мыналарға әкеп соққан зиян үшін:
    - қаза болу – 5 000 (бес мың);
    - a. мүгедектікті анықтау;
    - b. бірінші топ – 4 000 (төрт мың);
    - c. екінші топ – 3 000 (үш мың);
    - d. үшінші топ – 1 500 (бір мың бес жүз);
    - e. балаға – 3 000 (үш мың);мүгедектік анықталмай мертігу, жарақат немесе денсаулыққа өзге де зақым келтіру - амбулаториялық және (немесе) стационарлық емдеуге жұмсалған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 750-ден (жеті жүз елуден) аспайтын;
  - 2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген залал мөлшерінде, бірақ 1 500-ден (бір мың бес жүзден) аспайтын;
  - 3) екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне бір мезгілде келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 1 500-ден (бір мың бес жүзден) аспайтын. Барлық жәбірленушілер бойынша мүлікке қатысты сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері 10 000 (он мың) айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс. Жәбірленушілердің мүлкіне келтірілген залал мөлшері Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемінен асып кеткен жағдайда әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оның мүлкіне келтірілген залал дәрежесіне мөлшерлес жүзеге асырылады.
- 12.2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген АЕК пайдаланылады.
- 12.3. Үшінші тұлғалардың (Пайда алушының) өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері мемлекеттік медициналық ұйымдарда берілген медициналық қорытындымен расталады (белгіленеді).
- 12.4. Үшінші тұлғалардың (Пайда алушының) мүлкіне келтірілген залал мөлшері тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша расталады (белгіленеді).

- 12.5. Сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.
- 12.6. Тараптар арасында залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда әр тарап сараптама (құзыретті тұлғаның зерттеуін) жүргізуге құқылы. Сараптама (зерттеу) оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.
- 12.7. Тараптардың бірі жүргізілген сараптаманың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушы осы Қағидаларда немесе сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде залалдың даусыз бөлігін төлеуді жүзеге асыруға құқылы.
- 12.8. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушы төлемеген, өзіне тиесілі сақтандыру сыйлықақысын есепке жатқызуды жүргізуге құқылы.
- 12.9. Залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстардың мөлшері осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде айқындалады.
- 12.10. Сақтанушының ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында жасаған шығыстары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің жалпы сомасы мен шығыстардың өтемақысы сақтандыру шартында көзделген Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемінен аспауы тиіс.
- 12.11. Сақтанушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған шығыстар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- 12.12. Сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген мүліктік залалды Сақтанушыға (Пайда алушыға) өзге тұлғалар өтеген жағдайларда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын сома мен алынған сома арасындағы айырманы ғана өтейді.

### **13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ**

- 13.1. Сақтанушыдан немесе Пайда алушыдан медициналық қорытындыны, тәуелсіз бағалау нәтижесін және осы Қағидалардың 11-тарауында көзделген құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру төлемін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
- 13.2. Сақтандырушы өтініш берушіге бұл туралы жазбаша хабарлай отырып, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды мынадай жағдайларда тоқтата тұруға құқылы:
  - 1) егер тиісті құзыретті органдар сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соққан мән-жайлар бойынша қылмыстық іс қозғаса немесе әкімшілік тергеуді бастаса, қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген үкім шығарылғанға немесе тергеу аяқталғанға дейін және Сақтандырушыға тиісті құжаттар ұсынылғанға дейін;
  - 2) егер сақтандыру оқиғасының басталғанын немесе келтірілген залалдың мөлшерін растайтын ұсынылған құжаттарды тексеру үшін объективті (дәлелді) негіздер болса, құзыретті органдардан олардың дұрыстығы туралы растау алынғанға дейін, үш айдан аспайтын мерзімге.
- 13.3. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған жағдайда Сақтандырушы үшінші тұлғаға Тараптар айқындаған тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

### **14. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ**

- 14.1. Сақтандыру оқиғасы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
  - 3) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
  - 4) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері.
  - 5) жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күміс бұйымдар, асыл тастар, зергерлік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіру;
  - 6) Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының немесе олардың заңды өкілдерінің Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы.
- 14.2. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы хабарламау немесе хабарламау, егер бұл дәлелді себептерге байланысты болса және сақтандыру жағдайының басталғаны, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгені фактісін растайтын

- тиісті құжаттар ұсынылса және мүлік сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тікелей болған күйінде бағалау үшін ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз бола алмайды;
- 14.3. Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекет жасаған тұлғаға қойылатын талап ету құқығынан бас тартқан, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайда.
- 14.4. Сақтандыру төлемінен бас тартуға негіздер болған кезде Сақтандырушы құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен және Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсменіне жүгіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.
- 14.5. Егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсерінен;
  - 2) әскери іс-қимылдар;
  - 3) азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.

### **15. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

- 15.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау және заңнамалық актілерде белгіленген нысанға сәйкес Сақтанушы ресімдеген және қол қойған сақтандыруға өтінішті толтыру арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Сақтандырушы мен Адамдар жаппай жиналатын объектінің иесі арасында жазбаша нысанда жасалады.
- 15.2. Сақтанушының Сақтандыру шартына қол қоюы және (немесе) оның сақтандыру сыйлықақысын төлеуі Сақтанушының Адамдар жаппай жиналатын объектілер иелерінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру қағидаларымен танысқанын және оларды алғанын растайды.

### **16. ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ**

- 16.1. Сақтандыру шартының талаптарын өзгерту Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша, Тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші Тарап өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі және Тараптардың Сақтандыру шартына қосымша келісімімен ресімделеді.
- 16.2. Сақтандыру шартына қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оның ажырамас бөлігі болып табылады және оларға екі Тарап қол қойған жағдайда ғана заңды күші болады.

### **17. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ АУМАҒЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ.**

#### **САҚТАНДЫРУ ҚОРҒАНЫСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

- 17.1. Сақтандыру шартының қолданылатын жері Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.
- 17.2. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және тараптар шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін қолданылады.
- 17.3. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
- 17.4. Сақтандыру шарты тараптар арасында оның күшіне енген күнінен бастап 12 (он екі) ай мерзімге жазбаша нысанда жасалады.
- 17.5. Сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:
- 4) қолданылу мерзімінің аяқталуы;
  - 5) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

- б) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Сақтандыру шартында көзделген өзге де жағдайларда.
- 17.6. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде орын алған сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырған кезде сақтандыру шарты өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.
- 17.7. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:
- 1) тараптардың келісімі бойынша;
  - 2) тараптардың бірінің бастамасы бойынша. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату туралы бастамашы тарап екінші тарапты болжамды тоқтату күніне дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.
- 17.8. Заңнамада көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) Сақтандыру объектісінің болуы тоқтатылғанда;
  - 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
  - 3) сақтандыру жағдайының орын алу мүмкіндігінің жойылуы және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылуы;
  - 4) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлі түрде тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
  - 5) заңнамада көзделген жағдайларда.
- 17.9. Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты оны тоқтатуға негіз ретінде көзделген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуге тиіс.
- 17.10. Осы тараудың 17.8., 17.9-тармақтарында көзделген себептер бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шарты қолданылған уақытқа пропорционалды Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне және төленген сақтандыру сыйлықақысының 10% мөлшерінде шартты жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарға құқылы.
- 17.11. Егер сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан не Сақтандырушының сақтандыру шартын орындауының мүмкін еместігінен туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтаруға міндетті.
- 17.12. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтанушының оның талаптарын орындамауынан туындаған жағдайларда, төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.
- 17.13. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны осы Шарттың қолданылу кезеңінде орын алған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған сақтандыру жағдайлары бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды. Сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайы орын алған қолданылу кезеңінде осы Шартты жасасқан Сақтандырушы жүзеге асырады.

## **18. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ**

- 18.1. Сақтандыру шартының талаптарын өзгерту Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша, тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші тарап өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі және Сақтандыру шартына қосымша келісіммен ресімделеді.

## **19. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ (СУБРОГАЦИЯ)**

- 19.1. Төлемді жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру нәтижесінде өтелген, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекет жасаған тұлғаға қоятын талап ету құқығы өтеді.

- 19.2. Сақтандырушыға өткен талап ету құқығын ол Сақтанушы (Пайда алушы) мен сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекет жасаған тұлға арасындағы қатынастарды реттейтін қағидаларды сақтай отырып жүзеге асырады.
- 19.3. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 19.4. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекет жасаған тұлғаға қоятын талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Пайда алушының) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## **20. ЕҢСЕРІЛМЕС КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ**

- 20.1. Егер Тараптар өз міндеттемелерін тиісінше орындау еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының, яғни тараптардың Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындауы мүмкін болмайтын төтенше және еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан мүмкін болмағанын дәлелдесе, онда тараптар жауапкершіліктен босатылады.
- 20.2. Тараптардың кез келгенінің сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін болмаған жағдайлар туындаған кезде, оларды орындау мерзімі осындай мән-жайлар қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.
- 20.3. Егер форс-мажорлық мән-жайлар 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда тараптардың әрқайсысы Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда тараптардың бірде-бірі екінші тараптан сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы емес.
- 20.4. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі туындаған тарап жиырма күндік мерзімде екінші тарапты міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабардар етуге тиіс.

## **21. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ**

- 21.1. Сақтандыру шарты бойынша тараптар арасында туындаған даулар келіссөздер жолымен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен шешіледі.

## **22. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР**

- 22.1. Сақтандыру шартының мазмұны осы Қағидаларға сәйкес келмеген жағдайда, Сақтандыру шартына басымдық беріледі.
- 22.2. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші тараптың жазбаша келісімінсіз Сақтандыру шартын жасасу нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жария етуге құқылы емес.
- 22.3. Егер Сақтандыру шартында заңнамалық актілерде көзделгендермен салыстырғанда Сақтанушының жағдайын нашарлататын шарттар болса, онда осы заңнамалық актілерде белгіленген шарттар қолданылады.
- 22.4. Осы Қағидалармен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.